

АҚ ЖОЛ, «СЕМЕЙ»!

2025 жылғы 16 мамыр – Орал қаласы үшін ғана емес, тұтас Қазақстан үшін тарихи сәтке айналды. Дәл осы күні, көктемгі күн шуағына бөленген Шаған өзенінің жағасында «Зенит» зауыты отандық кеме жасау өнеркәсібінің мерейін үстем еткен жаңа туындысын – «Семей» шағын күзет кемесін суға түсірді. Бұл – ел тәуелсіздігінің айғағы іспетті, толқын үстінде туын желбіреткен отан күзетшісінің бейнесі.

«Семей» кемесі – «Айбар» жобасының аясында өмірге келген теңіз сарбазы. Ұзындығы 27 метрлік, ені 6 метрлік болаттан сомдалған бұл кеме 70 тоннаға жуық су ығыстырады. Оның жүрісі – сағатына шамамен 80 шақырым. Бұл – кез келген қауіпке жедел әрекет етіп, браконьер мен шекара бұзған кемелердің ізіне түсуге жеткілікті қарқын. Ол шамамен 10 күн бойы толқынмен арпалысқа төтеп беріп, өздігінен қозғала алатын қуатты механизммен жарақталған. Экипаж құрамындағы шамамен 20-ға жуық сарбаз үшін барлық қажетті жағдай жасалған – бұл тек кеме емес, шағын әрі ұтқыр бекініс.

Екі жыл бойы «Зенит» зауытының ұжымы жанкешті еңбектің үлгісін көрсетті. Кеменің құрылысы 2023 жылы басталып, 2024 жылы аяқталғанымен, табиғаттың өз ырғағына сай, су деңгейінің көтерілген сәтін күтіп, суға түсіру рәсімі 2025 жылдың көктеміне жоспарланған еді. Сөйтіп, табиғат пен техниканың үндестігімен салтанатты күні туды.

Бұл – «Зенит» зауыты шығарған 36-шы кеме. Бұған дейінгі «Бүркіт», «Барыс» және «Айбар» секілді теңіз қорғаушыларының қатарын толықтырған жобасындағы қатерлердің қатарын «Семей» атты жаңа техника толықтырды. «Семей» кемесі – Қазақстанның теңіз шекарасын қорғаудағы қуатты қадамы.

Салтанатты рәсімге ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген жоғары лауазымды тұлғалар қатысты. Олардың қатарында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Шекара қызметі директорының орынбасары полковник Бауыржан Абсаматов, Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Санат Жуманов, Шекара қызметі Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Ербол Тулькубаев және «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ АҚ төрағасы болды. Оркестр Мемлекеттік әнұранды орындап, кеменің бортына дәстүрге сай шампан бөтелкесі сындырылды. Кеменің алғашқы сапарына бата беріліп, бірқатар зауыт қызметкерлері марапатқа ие болды.

Кеменің командирі – аға лейтенант Жеткерген Айдаров. Ол 2022 жылы Ресейдің Балтық әскери-теңіз институтын тәмамдаған, бүгінде Маңғыстау облысында қызмет етеді. Командирдің айтуынша, «Семей» – заманауи радиолокациялық жүйемен жабдықталған, заң бұзушыларды анықтап, оларды тоқтатып, әрекетке жедел кірісетін қуатты құрал.

«Басты міндетіміз – Каспий теңізіндегі шекара қауіпсіздігін сақтау. Бұл кеме – тек көлік емес, ел қорғаушысының темір сауытындай сенімді құрал», – дейді Жеткерген Айдаров мырза.

Бүгін теңізшілер үшін ақ түйенің қарны жарылған күн десек артық айтқанымыз болмас. «Зенит» ұстаханасының шеберлерінің қолынан шыққан жаңа су техникасы Шекара қызметіне абыроймен қызмет атқаруға тапсырылды. Екі жылдан астам төгілген тердің жемісі айдыңға түсіріліп, кильваторлық сапқа қосылды.



«Семей» кемесі – тек кеме ғана емес, ел Туын теңізде биік ұстайтын ерлік пен еңбек символы. Ол – мемлекетіміздің тыныштығы мен тәуелсіздігін күзететін сенімді сақшы. Елдің ертеңін қорғайтын осындай темір тұлпарларымыз көп болғай! Ақ жол,

«Семей»! Шекара қызметінде осындай техникалар жаңарып жатқаны қуантарлық жағдай. «Заманың түлкі болса қыран боп, шал» демекші әр заманның өзіне сай техникасы болғанының мәнін Шекара қызметі терең түсінеді.

Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ
СЕРІК ЕТКЕН
ШЕКАРАШЫЛАР

2



ПОБЕДА
ОТДЕЛА
– ЗАСЛУГА
КОМАНДИРА

4



100 ШАҚЫРЫМДЫ
БАҒЫНДЫРҒАН
ШЕКАРАШЫ

9



1 - маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай ҚР ҰҚК Шекара қызметінде алғаш рет өткізіліп жатқан бейнебайқау өз шарықтау шағына жақындап қалды.

Назарларыңызға байқау қатысушыларын ұсынамыз:



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕРІК ЕТКЕН...


Мемлекеттік шекараны қорғау – ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Бұл тек әскери қызметтің шеңберіндегі міндет емес, бұл – ұлттың тәуелсіздігін сақтауға бағытталған стратегиялық әрі қасиетті борыш. Осы маңызды миссияны мінсіз атқарып жүрген бөлімдердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Терісаққан» шекара бөлімшесі.



«Терісаққан» бөлімшесі 2010 жылдың 7 қыркүйегінде Ақтөбе облысы Қобда ауданының Терісаққан ауылында құрылған. Содан бері Ресей Федерациясымен шектесетін 68 шақырымдық аймақты күзетіп келеді. Жинақталған тәжірибе, жаңа буын офицерлерінің ынтасы және тәртіпке негізделген әскери дайындық – осы бөлімшенің басты артықшылықтарының бірі.

Шекараны күзету – тынымсыз қырағылықты, үздіксіз жаттығуды және темірдей тәртіпті талап ететін күрделі міндет. Бұл салада жеңіл-желпі қарауға жол жоқ. Әрбір шекарашының бойындағы жауынгерлік рух пен жоғары жауапкершілік – бөлімшенің берік тірегі саналады.

Жыл сайынғы инспекциялық тексерулер мен жаттығулар барысында «Терісаққан» шекара бөлімшесі жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Мысалы, 2022 жылы – екінші орын, 2023 жылы – үшінші орын, ал 2024 жылы – төртінші орынды иеленіп, үздіктер қатарынан көрінді. Сонымен қатар, 2025 жылы Қобда ауданында ұйымдастырылған кіші футбол



турнирінде жеңімпаз атанды. Бұл – ұжымдық ауызбіршілік пен табанды еңбектің айқын дәлелі.

Бүгінде шекара қауіпсіздігіне қойылатын талаптар күшейіп келе жатқандықтан, шекарашының жауапкершілігі де арта түсуде. Бөлімше сарбаздары әскери

отырады. Жауынгерлердің бойында патриоттық сезімді, адамгершілік қасиеттерді және салауатты өмір салтын қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады.

Мерекелік және атаулы күндерде өткізілетін патриоттық кездесулер, өрлік сабақтары мен спорттық іс-шаралар – сарбаздардың рухани және моральдық дамуына үлкен үлес қосуда. «Бүгінгі жауынгер – ертеңгі ел қорғаушысы. Сондықтан оларды дұрыс бағытқа бұру – болашақты қалыптастырудың негізгі бөлігі», – деп атап өтті бөлімше бастығының тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары аға лейтенант Дастан Нұрланұлы Тұрлығазы.

Тағы бір айта кетерлік жайт – «Терісаққан» шекара бөлімшесінің жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс орнатуы. Ауыл тұрғындарынан құралған ерікті жасақтар шекара қауіпсіздігіне өз үлестерін қосуда. Олар үшін арнайы оқыту және түсіндіру сабақтары кесте бойынша өткізіледі.



міндеттермен қатар, қоғамдық өмірге де белсенді араласуда. Жергілікті тұрғындармен тұрақты байланыс орнату – олардың рухани әлеуетін көрсетеді. «Шекара қызметі – бұл тек дене күшімен орындалатын жұмыс емес, бұл – жүрекпен атқарылатын сенім мен рухани міндет», – дейді бөлімше бастығы капитан Артығалиев Дәурен Елемесұлы.

Капитан Д.Артығалиев 2018 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясын тәмамдап, сол жылы Түркістан облысындағы «Бостандық» шекара бөлімшесіне бастығының орынбасары болып тағайындалған. 2022 жылы «Терісаққан» бөлімшесіне ауысып, бастығының орынбасары қызметін атқарды. Ал 2024 жылдың қарашасынан бастап бөлімше бастығы ретінде еңбек етіп келеді. Оның кәсіби шеберлігі мен адалдығы бүгінде бөлімшенің табысты қызметінің кепіліне айналған.

Бөлімшеде тәрбие мен идеологиялық бағыттағы жұмыстар үздіксіз жүргізіліп

Сонымен қатар, әскери қызметке қызығушылық танытқан жастармен де жұмыс белсенді жүргізілуде. «Жас шекарашы» клубының аясында ашық есік күндері, экскурсиялар және арнайы іс-шаралар ұйымдастырылып, жастардың патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, «Терісаққан» шекара бөлімшесі – тек шекараны күзететін бөлім емес, елдің тірегі мен қорғаны бола білген алдыңғы қатарлы құрылым. Мұндағы қызмет – мәртебе, ал сол міндетті абыроймен атқару – нағыз өрлікпен пара-пар. Бұл бөлімшенің сарбаздары – ел есінде қалатын нағыз қаһармандар.



Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

НА СТРАЖЕ СПОКОЙСТВИЯ

Военнослужащие отделения пограничного контроля «Каракога» (автомобильное) знают цену спокойствия, потому что ежедневно видят обратную сторону – попытки незаконного пересечения границы, попытки провоза контрабанды, преступные действия лиц, имеющих намерение пересечь Государственную границу.



Вся история отделения пограничного контроля усыпана подобными фактами.

Открытый постановлением Кабинета Министров РК в феврале 2004 года международный пункт пропуска Каракога (автомобильный) на протяжении 21 года зорко стоит на страже соблюдения порядка и законности на Государственной границе РК. Коллектив пограничного отделения славится не только своим профессионализмом, но и сплоченностью, а также настоящим казахским радушием.

Так, по инициативе личного состава, 22 марта т.г. всех пассажиров встречали не только специалисты своего дела, но и чай с бауырсаками. Возглавляет

подразделение капитан Шыңғысхан Мырзахмет, который в первый же год своего руководства в 2023 году привел подразделение к высшей строчке рейтинга подразделений пограничного контроля Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области.

Принимая активное участие в жизни района Мағжана Жумабаева в целом и села Каракога в частности, где дислоцируется подразделение, военнослужащие пограничного контроля основное внимание уделяют делу охраны и защиты Государственной границы. И это дает свои плоды. Ведь с только с начала этого года подразделение показало отличные достижения в службе.

В январе пограничный на-

ряд по проверке документов и лиц в составе ефрейтора Д. Баймуратова при проведении паспортного контроля обратил внимание на нервное поведение пассажира и несоответствие возраста, предъявившего документ. В ходе проведения беседы был установлен факт попытки пересечения Государственной границы по чужому документу.

Следующий день принес в копилку отделения пограничного контроля еще одно яркое задержание. И снова отличился пограничный наряд по проверке документов и лиц в составе ефрейтора Д. Көдек. На этот раз в пассажиропотоке с применением профиля риска была выявлена несовершеннолетняя гражданка Казахстана, пытавшаяся пересечь Государственную границу по паспорту своей старшей сестры.

Конец зимы ознаменовался задержанием наркотического вещества «марихуана», обнаруженного пограничным нарядом по досмотру транспортных средств и грузов в составе старшего сержанта А. Шопанаева с использованием служебной собаки. В ходе досмотра салона автомашины, собака подала обозначение в районе подлокотника, где в дальнейшем было обнаружено

0,14 грамм высушенной марихуаны и курительный прибор.

Позже произошел еще один факт обнаружения наркотического вещества. Сержант Д. Петров со служебной собакой Хелси, используя навыки профиля риска в ходе досмотра транспортного средства под управлением гражданина Казахстана в подлокотнике выявил наркотическое вещество «гашиш» весом 0,32 грамма.

В мае т.г. во время досмотра ручной клади гражданина РФ, пытавшегося въехать в Казахстан, было выявлено порошкообразное вещество, упакованное в 4 полиэтиленовых пакета, по результатам экспертизы явившимися синтетическим психотропным наркотическим веществом «мефедрон» весом 7,11 грамм.

Вот лишь некоторые задержания, осуществленные военнослужащими отделения пограничного контроля «Каракога» (автомобильное), доблестно выполняющими свои обязанности и являющимися надежным щитом Государственной границы.



Майор Д. УТЕБАЕВА, «ОС-ЧР».
Фото из подразделения границы.

ОТАН ШЕБІНДЕ — «ШАЛҚАР» БӨЛІМШЕСІ

Тыныштық пен бейбітшілік деген ұлы ұғымдардың артында күн сайынғы қажырлы еңбек пен темірдей тәртіп жатыр. Еліміздің сол тыныштығын күзетіп тұрған, шекараның әр тасын көздің қарашығындай қорғап жүрген сарбаздарымыз бар. Солардың бірі — Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданына қарасты Шалғай ауылында орналасқан шекара бөлімшесі.



«Шалқар» шекара бөлімшесі Қазақстан мен Ресейдің шекаралық белдеуі – Саратов облысымен шекараны күзетеді. Егіндібұлақ, Тыңдала, Таловая, Белоглинка, Шалғай мен Атамекен ауылдары – осы қауіпсіздік шеңберінің ішінде орналасқан мекендер. Бұл ауылдардың бейбіт тіршілігі, ашық аспаны мен тыныш көштері шекарашылардың тынымсыз қызметімен тікелей байланысты.

Бөлімшенің орналасқан жері – кең жазира, шалқар дала. Бұл ұлан-ғайыр жазық табиғатпен үндесіп, еркіндіктің, тыныштықтың, ұлы тыныстың белгісіндей көрінеді. Мүмкін сондықтан да болар, бұл бөлімшеге «Шалқар» атауы берілген. Осы атау даладай дархан, көңілдей кең, көз жеткісіз көкжиекке ұмтылған шекара қызметінің мәнін толық аша түседі.

2002 жылдың 15 қыркүйегінде құрылған бұл бөлімше алғашында аға лейтенант Сержан Серікович Бегимовтің басшылығымен шекара шебіне сап түзеді. Ал қазіргі таңда «Шалқар» бөлімшесінің тізгінін аға лейтенант Елдар Манарбекұлы Сайлауов ұстап отыр. Оның басшылығымен шекара қауіпсіздігіне деген сенімділік артып, бөлімшенің беделі нығайып келеді.

Әскери қызметкерлердің жұмыс кестесі вахталық тәртіпте ұйымдастырылған: 22 күндік қызметтен соң 8 күн демалыс. Бұл жүйе олардың моральдық-психологиялық жағдайын тұрақты ұстауға көмектесіп, туған-туыстарымен кездесуге мүмкіндік береді.

Халықпен шекарашылар арасындағы қарым-қатынас – ерекше сенім мен өзара түсіністікке негізделген. Мектеп ұстаздары мен оқушылар, ауыл ақсақалдары мен жастар – бәрі шекара қызметінің мән-маңызын жақсы түсінеді. ҚР Үкіметінің 2013 жылғы қаулысына сәйкес, азаматтарды шекара күзетіне тарту ісі белсенді жүзеге асып келеді. Осы бағытта құрылған ерікті жасақшылар шекарашылармен тізе қосып, құқықбұзушылықтың алдын алуға күш салып жүр.

Бөлімшенің күнделікті жұмысы заңнама мен нормативтік құжаттарға негізделген. Шекара бұзушыларға қатысты әрекеттер де елеусіз қалмайды. Мәселен, 2025 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы азаматының 103 жылқысын заңсыз айдап өтпек болған топтың жолы дер кезінде кесіліп, мал иесіне қайтарылды. Бұл — «Шалқар» бөлімшесінің шапшаңдығы мен шынайы кәсіби шеберлігінің көрінісі.

Төтенше жағдайлар туындаған сәтте де шекарашылардың батылдығы мен жанқиярлығы анық көрініс тапты. 2024 жылдың көктемінде қар күрт еріп, жауын-шашын мол жауған кезде аймақты су басып, елді мекендерге қауіп төнді. Шалғай ауылында судан қорғану жұмыстары дер кезінде ұйымдастырылып, арықтар мен су жолдары тазартылды, су сору құрылғылары іске қосылды. Бұл күрделі міндеттерді орындауда шекарашылар алдыңғы шептен табылды.

Патриоттық тәрбие – шекара қызметінің басты бағыттарының бірі. 2025 жылғы 8 мамыр күні «Мен де сарбаз боламын» атты ерекше іс-шара өткізілді. Ш.Уәлиханов атындағы мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі Владимир Дубинин мен Атамекен ауылындағы І.Есенберлин атындағы мектептің ұстазы Серік Хамзаұлы бастаған жас шекарашылар шекара өмірінің қыр-сырымен танысты. Бөлімше бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары лейтенант Руслан Рашидұлы Гумаров оқушыларға қару-жарақ түрлерін, қызметтік иттердің жұмысын көрсетті. Сонымен қатар, әскери жоғары оқу орындары туралы ақпарат беріліп, жастардың көкейінде жүрген сауалдарына жауап қайтарылды.

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Бәйтерек ауданының әкімі М.Тоқжановтың атынан бөлімше қызметкерлеріне алғыс хаттар табысталды. Шалғай ауылдық округінің әкімі Гүлзада Бүлекова өз құттықтауында: «Ерлік пен батылдық – елдіктің белгісі. Шекара күзетіндегі әр қадамдарыңыз аман болғай!» – деп жүрекжарды тілегін білдірді.

«Шалқар» шекара бөлімшесі – бұл жай ғана әскери нысан емес. Бұл – ел тыныштығын күзеткен, әр танды қырағылықпен қарсы алатын ержүрек азаматтардың мекені. Олар – шекара шебінің қалқаны, Отанның адал ұландары. Болашақта да «Шалқар» шекара бөлімшесі ел қорғанының сенімді тірегі бола беретініне сеніміміз зор.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.



ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТКЕНДЕР

Егемен еліміздің тыныштығы мен тұтастығын күзету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан шекарашылардың бірі - Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Дархан» шекара бөлімінің жеке құрамы. Аталмыш бөлім шекара бойындағы тәртіп пен қауіпсіздіктің берік тірегі, әскери тәртіп пен жоғары жауапкершіліктің үлгісін көрсетіп келе жатқанына 23 жылдай уақыт болды.

2002 жылдың маусым айында құрылған «Дархан» шекара бөлімі Павлодар облысының Шарбақты ауданында орналасқан. Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Мемлекеттік шекараның айтарлықтай бөлігін күзететін бөлімнің негізгі міндеті мемлекеттік шекара режимінің сақталуын қамтамасыз ету, заңсыз көші-қон мен шекара бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Құрылған сәттен бастап бұл бөлімге әр кезеңде түрлі білікті офицерлер басшылық етіп, бөлімнің дамуына, тәртіптің нығаюына үлес қосты. Бүгінде бұл жауапты міндетті подполковник Жүсіпов Ерік Балапанұлы абыроймен атқарып келеді. Ол 1983 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласында дүниеге келген. 2004 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери институтын тәмамдап, содан бері Отан қорғау ісінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарған тәжірибелі офицер. 2024 жылдың қараша айынан бастап «Дархан» шекара бөлімінің бастығы қызметіне кірісті.

Бөлім бастығының білікті басшылығымен қызмет атқарып жүрген капитан Ануарбеков Азат пен майор Кенжебеков Мақсат - бөлім бастығының орынбасарлары. Олар бөлім жұмысының үйлесімділігі мен тәртіптің мүлтіксіз орындалуына тікелей жауапты.

Өткен аптада Павлодар облысы бойынша Шекара қызметі департаментіне қарасты «Дархан» шекара бөлімінің аумағында жоспарлы командалық-штабтық оқу-жаттығулары өткізілді.

Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты департамент бөлімшелері мен бірлесіп әрекет ететін құрылымдар іс-қимылын үйлестіру, шекаралық ахуал кезінде жедел шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру және жеке құрамның



жауынгерлік әзірлігін тексеру болды. Жаттығу барысында бөлімшелердің тактикалық әрекеттері пысықталып, байланыс, барлау және шұғыл әрекет ету тәртібі толық көлемде игерілді.

Әскери бөлімнің жеке құрамы жоғары тәртіп пен кәсібилік танытып, шартты шекара бұзушылыққа жедел ден қойып, оқу міндеттерін сәтті орындады.

«Дархан» шекара бөліміне бағынысты «Арлан», «Шарбақты», «Жетісу», «Шалдай» шекара бөлімшелерінің әскери қызметшілері күндіз-түні шекара тыныштығын күзетіп, өздеріне жүктелген әр шақырым жердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде.

Бөлім әскери-техникалық жағынан да қамтамасыз етілген: заманауи бақылау

құралдары, жылу бейнелеуіштер, түнгі көру құрылғылары, байланыс жүйелері мен қызметтік иттерді пайдалану арқылы шекара тәртібі жоғары деңгейде қадағаланады.

Дархан шекара бөлімінің жеке құрамы қырағылығының арқасында көптеген заң бұзушылықтар анықталып келеді. Енді солардың соңғыларының біріне тоқтала кетейік.

2025 жылдың 4 мамыры күні сағат 01:40-та «Дархан» шекара бөліміне қарасты «Арлан» шекара бөлімшесі күзететін аумақта Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуге талпынған азамат ұсталды. «Арлан» шекара бөлімшесіне қарасты жеке құрамнан жасақталған шекара нарядтары, «Хайвей» атты қызметтік ит, «Бигл» РЛС, түнгі көру құрылғылары мен «FLIR» жылу бейнелеуішінің көмегімен әрекет етіп, аталған шекара бұзушы РФ аумағына жаяу өтпек болған сәтінде ұстады.

Ұсталған азаматқа қатысты ҚР ӘҚБК-нің 514-бабы 2-бөлігіне сәйкес әкімшілік іс қозғалып, материалдар сотқа жолданды. Сонымен қатар, сұрастыру барысында аталған заңсыз әрекетке көмек көрсеткен Қазақстан Республикасының екі азаматы анықталып, олардың үстінен ҚР ҚК 394-бабы 2-бөлігі (алдын ала сөз байласу арқылы топпен жасалған заңсыз көші-қон ұйымдастыру) бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Бүгінде «Дархан» шекара бөлімі қастерлі шекарашыларды қорғап, тәртіп пен тәрбиенің, кәсіби шеберлік пен әскери рухтың мектебіне айналды. Бұл бөлімде қызмет атқаратын әр шекарашы үшін ел шебін күзету – абыройлы міндет, қасиетті парыз.

Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімінен.

ПОБЕДА ОТДЕЛА – ЗАСЛУГА КОЛЛЕКТИВА

Все мы знаем, что непосредственную задачу по охране и защите государственной границы страны выполняют пограничные отделения и отделы. О том, как организована служба пограничного отдела «Жыланды» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области, узнаете в сегодняшнем номере.


Пограничный отдел «Жыланды» был сформирован в сентябре 2023 года в селе Курык Каракиянского района на территории одноименного пограничного отделения. В подчинение отдела вошли пограничные отделения «Жыланды» и «Кендерли», охраняющие государственную границу в акватории Каспийского моря.

За небольшой период подразделение показало высокие результаты, завоевав по итогам 2024 года звание «Лучший пограничный отдел» среди аналогичных подразделений департамента.

Временно исполняющий обязанности начальника пограничного управления полковник Василий Попов считает, что успехи отдела – во многом заслуга начальника отдела подполковника Сайлау Исина, под руководством которого подразделение достигло высоких показателей, как в служебно-боевой деятельности, так и в соблюдении воинской дисциплины и правопорядка.

– В 2024 году пограничными отделениями было задержано 65 нарушителей пограничного режима, 50 – режима территориальных и внутренних вод, 25 – миграционного и природоохранного законодательства, а также пресечен один канал наркотрафика, – прокомментировал офицер.

Сам подполковник С. Исин считает, что достигнутые результаты стали возможны благодаря добросовестной и бдительной службе личного состава. В числе отличившихся он особо отметил капитанов Куаныша Кибекбаева и Аядыля Зайнулина, старшего лейтенанта Мырзана Бекмухамбетова, старшего сержанта Сулеймена Берика, ефрейтора Галымжана Ержигитулы, младшего сержанта



Мейирбека Нургалиева, рядового Темирлана Жуманкулова, а также военнослужащих срочной службы – рядовых Сакена Газезова, Акжолы Канатова и Хайтмада Сухратова.

По словам начальника отдела, в задачу пограничных отделений входит контроль передвижения иностранных и казахстанских судов в казахстанской части Каспийского моря, соблюдение плавательными средствами режима территориальных и внутренних вод, проверка законности нахождения людей в пограничной зоне, а также наличия у них разрешений на проведение хозяйственной и промысловой деятельности.

Стоит отметить, что Сайлау Шалабаевич в этом году выходит на заслуженный отдых. За более чем 22 года службы в пограничном ведомстве он прошел путь от заместителя начальника заставы до руководящих должностей в таразском, кордайском и усть-каменогорском пограничных отрядах, где занимал должности начальника заставы и заместителя начальника пограничной комендатуры.



По словам офицера, большое значение

в его службе имела его семья – супруга Гульсара, которая также является ветераном Пограничной службы, и дети – Ерасыл, Ерсайн и Райяна.

– Выходя на заслуженный отдых, я благодарен своей семье и детям за поддержку, а также своим коллегам за годы совместной службы. Хочу пожелать молодому поколению пограничников стойкости, верности присяге и уважения к профессии. Пусть они продолжают с честью нести службу и защищать нашу Родину, – сказал подполковник Исин.

В завершение хочется отметить, что благодаря таким пограничникам как военнослужащие пограничного отдела «Жыланды», на государственной границе поддерживается порядок и безопасность, а наши граждане могут спать спокойно. Поблагодарим их за доблестный труд и пожелаем крепкого здоровья, новых успехов и мирного неба над головой.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР».
Фото автора.



ҚАЙЫҢДЫ ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ – ЖАҢА КЕЗЕҢ!

Мемлекеттік шекара – ел егемендігі мен Ұлттық қауіпсіздіктің берік қалқаны. Осы қасиетті ұғымды жүрекпен сезініп, Отан алдындағы борышты адал атқаруды өмірлік мұратына айналдырған жандардың бірі – капитан Тазабеков Нұрбек Құрбанбекұлы.

Ол 1992 жылы 25 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Жетісай қаласында дүниеге келген. Бала күнінен әскери салаға ерекше қызығушылық танытқан Нұрбек 2013 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясына түсіп, 2017 жылы аталмыш оқу орнын сәтті аяқтады. Осы жылы оның шекара қызметіндегі кәсіби жолы басталып, алғаш рет Шығыс Қазақстан өңірлік басқармасына қарасты Күршім шекара отряды, «Теректі» шекара комендатурасының «Алқабек» шекара заставасы бастығының орынбасары болып тағайындалды. Бұл қызметте 2017-2020 жылдар аралығында мінсіз еңбек етіп, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары жауапкершілік пен шынайы адалдық танытты. 2020 жылы ол «Төсқайың» шекара бөлімінің «Көкжота» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына көтеріліп, үлкен жауапкершілігі бар аумақты қорғау ісіне тікелей жетекшілік етті. Үш жыл бойы бөлімшені басқарған уақыт-

та техникалық жабдықтау, кадрлық әлеуетті күшейту, шекара тәртібін бұзу фактілеріне жедел әрекет ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

2023 жылдың тамыз айында капитан Н.Тазабеков Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментке қарасты «Алтай» шекара бөлімінің «Қайыңды» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды. Қазіргі таңда осы бөлімшеде абыроймен қызмет атқарып келеді. «Қайыңды» шекара бөлімшесі – Ресей Федерациясымен шектесетін аса маңызды шекаралық аймақтардың бірі.

Биылғы жылы бөлімшенің жеке құрамы Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған екі азаматты құрықтап, олардың жасамақшы болған әрекетінің жолын кесті. Бұл – бөлімше қызметкерлерінің қырағылығы мен шеберлігінің, сондай-ақ командирлік басқарудың жүйелі жолға қойылғанының айғағы. Мұндай нәтижелер, сөзсіз, бөлімше бастығы капитан Н. Тазабековтің кәсіби ұйым-



дастырушылық қабілетін, сабырлылығы мен байсалдылығын, жеке құраммен сауатты жұмыс істей алатын басшы екенін көрсетеді.

Оның шекара қызметіне деген адалдығы – тек кәсіби емес, өмірлік ұстанымға айналған. Әскердегі қызметі мен отбасылық өмірі бірімен тығыз байланысты. Үш ұл тәрбиелеп отырған үлгілі әке әрі қамқор жар ретінде де ол – нағыз әскери әулеттің тұлғалық көрінісі. Айта кетерлігі, оның ұлдарының әрқайсысы өзі қызмет еткен шекара бөлімшелерінде дүние-

ге келген. Тұңғышы – «Алқабек» шекара бөлімшесінде, екінші ұлы – «Көкжота» шекара бөлімшесінде, ал кенже ұлы – «Қайыңды» шекара бөлімшесінде туған. Бұл – отбасы мен қызметтің үйлесімділігінің, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан әскери рухтың көрінісі.



Майор Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ТОҒЫСҚАН ШЕКАРА МЕКЕНІ

Абай облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылдық округінің аумағында орналасқан «Арқалы» шекара бөлімшесі – өткен ғасырдың шежіресін арқалаған, тарихпен бірге қалыптасқан бекет. 1938 жылдан бастап бүгінге дейін еліміздің шығыс шекара шебін қалтқысыз күзетіп келе жатқан бұл бөлімше – уақыт сынынан сүрінбей өткен, шекарашының шынайы шеберлігі мен ерлігі тоғысқан қасиетті мекен. Арқалы шекарашылары өз борышын атқаруда тек техникаға емес, жергілікті халықпен тығыз ынтымаққа арқа сүйейді. Бұл – армия мен халық арасындағы рухани көпір, берік сенімнің кепілі.



Арқалы шекара бөлімшесінің басты миссиясы – Қазақстан Республикасының шығыс шекарасын күзету. Бөлімше әскери қызметшілері өздеріне жүктелген шекара аумағын мұқият зерттеп, әрбір метрді жіті бақылауда ұстайды. Кез келген қауіпке дер кезінде жауап беруге дайын тұратын сарбаздар өз міндеттерін ҚР заңнамасы мен Шекара қызметінің ішкі талаптарына сай, жоғары кәсібилікпен атқарады.

Арқалы шекара бекеті Қытай Халық Республикасымен шекаралас маңызды аумақта орналасқан. Шекара бойындағы қауіпсіздікті сақтау – екі елдің де ортақ мүддесі. Сол себепті,

халықаралық ынтымақтастық – күн тәртібіндегі негізгі бағыттардың бірі. Ортақ учаскелердегі бірлескен патрульдер мен шекарааралық кездесулер – тұрақтылық пен сенімділіктің кепілі.


Арқалы бөлімшесіндегі сарбаздардың дені – жас жауынгерлер. Олармен үздіксіз жүргізілетін тәрбие жұмыстары – елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған. Әскери антқа адал болу, ата-ананы қадірлеу, туған жерді сүю секілді ұлттық құндылықтар әр сарбаздың бойына сіңіріледі. Шекара қызметіне қызығушылықты арттыру – болашақ шекарашыларды даярлаудың алғышарты.

Аға лейтенант Қаженов Дарын Ерғалиұлы – Арқалы шекара бөлімшесінің бастығы. Ол 2000 жылы 26 қыркүйекте Мақаншы ауылында дүниеге келген. 2022 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын аяқтап, әскери қызметін туған өңірінде бастап, 2024 жылдың маусымынан бастап бөлімше бастығы лауазымын атқарып келеді. Дарын Ерғалиұлы үшін Шекара қызметі – тек қызмет емес, ел алдындағы адалдықтың үлгісі. Оның әр шешімі, әр бұйрығы – ел қауіпсіздігіне бағытталған салмақты әрекет.

Лейтенант Есей Диас Айдосұлы – бөлімше бастығының орынбасары. 2002 жылы 15 ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген. 2024 жылы Шекара академиясын бітіріп, алғашқы қызмет жолын «Арқалы» бөлімшесінен бастаған. Ол үшін басты міндет – жас

сарбаздарды оқыту, білгенін үйрету. Елге деген сүйіспеншілігі мен кәсіби шеберлігін жетілдіре отырып, болашақта жоғары лауазымды қызметтерге лайықты болуды көздейді.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.



Астана қаласының көрінісі



БЕЙНЕРОЛИКТЕРДІ



ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!

БЕКІНІСТЕН БАСТАЛАТЫН БЕЙБІТ ӨМІР

Көктем шығысымен шекарашы инженерлердің ел шебіндегі қым-ғұыт өмірі де жанданып сала береді. Мұның ішінде барлығы бар: жол салып, көпірлер орнату, инженерлік сымдар тарту... Осылай жалғасып кете беретін жұмыстар қашан қара күз түскенше толастамайды. Жұмыстар ауыр, бірақ инженерлер еш мойыған емес.

Алдымен Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Жамбыл» шекара бөлімшесіне соғып, тыныс-тіршілігімен танысқан соң әрі қарай тау ішіндегі соқпақпен ұзақ жүрдік. Дегенмен, бізге кедір-бұдыры көп жерлермен жүруге тура келген. Біздің жол талғамайтын көлігіміз арқырап-күркіреп жатқан тау өзенінен бірнеше рет өте шыққан кезде барып, алдымыздан шекара бөлімшесінің бақылау-өткізу бекеті де көрінген. Демек, біз 25 шақырымды артқа қалдырдық. Осы кезде шекара басқармасының инженерлік базасы да көрінген. Бірақ біз мұнда көп аялдаған жоқ едік. Инженерлердің қай жерде жұмыс істеп жатқанын білген соң қайтадан жолға шықтық.

...Қарақыстақ шатқалының ішінде жұмыс істеп жатқан сарбаздардың күнге күйген жүздерінен жас адамға тән қайсарлық байқалады. Тәйірі, шаршау дегенді білмейтін жаста емес пе?! Сондықтан бізді қуана қарсы алған өздерімен емен-жарқын амандасып, оларға әскери журналист екенімізді айтқан соң бірден фотоаппаратымызды іске қосқанбыз. Обалы нешік, майор Абылай Нұртаза басшылық жасайтын инженерлер де жұмысты қалай жапырып істесе, біздің тау ішіндегі ерекше фотосессиямызды да солай жандырып жіберген.

Осында келгелі үш көпірдің тұғырын көтеріп үлгерген сарбаздарға күз түскенше 31 көпірді салу жүктеліпті. Бұған қоса, су өткізу құбырлары мен тау жолдарын тегістеу секілді жұмыс күтіп тұр.

– Көктемде тау өзендері тасып, шекара нарядының қозғалысына қиындық тудырады. Сон-



дықтан, басшылықтың шешімімен, 21 сәуірде көшіп келдік. Инженерлік жұмыспен «Күз-2024» шақырылымының сарбаздары айналысып жатыр. Алдымен базамызды құрып, жаңа жерге орнығып алған соң, іске кірістік, – дейді майор А.Нұртаза бізге берген сұхбатында мән-жаймен таныстырып.

Иә, қазақ елінің алып таулары – тек табиғаттың кереметі ғана емес, ел шебінің қалқаны, тәуелсіздіктің тыныс алатын тұмары. Осы қыраттар мен шатқалдарда, бұлтпен тілдескен белестерде, жұрт көзінен тыс, үнсіз де тынымсыз еңбек етіп жүрген инженерлердің міндеті – қос тігіп, қой баққан қойшылардың да тау ішіндегі бейбіт тіршілігіне жағдай жасау.

– Шекараның бойын инженерлік қамтамасыз ету – бұл тек құрылыс емес. Бұл – сенім салу, қауіпсіздік құру, мемлекет мүддесіне қалқан болу. Әсіресе таулы аймақтарда бұл міндет



– үш есе қиын, үш есе жауапты, – деп әңгімесін жалғастырған офицерден білгеніміз, таудың кіре берісіндегі шекаралық бекеттен басталып, шекара бөлімшесінің жылыту пунктіне дейінгі аралықтағы жолдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланыпты.

...Сарбаздардың бүгінгі қарқындарына қарап, олардың

бұл міндеттерді де оңай еңсере-ретіне кәміл сендік. Осылайша, инженерлердің тау ішіндегі қым-ғұыт тіршілігімен танысып болған кезімізде түскі астың уақыты да келіп жеткен. Сондықтан, Ұлы Отан соғысы жылдарынан келіп жеткен «Соғыс – соғысымен, ал түскі ас уақытында болуы керек» демекші, тау суына жуынып, өздерінің шаршағандарын басқан сарбаздармен бірге базаға оралдық.

Ал мұнда 20 сарбаз және бірнеше офицер, келімішарттың әскери қызметшілерінен тұратын ұжымға барлық жағдай жасалыпты. Әсіресе, база мен өркениеттің арасын жалғап тұрған спутниктік төрелкелердің өзі көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені бұл дегеніміз, әр аптаның жексенбісінде үй-

кезіміз көрген жоқ. Ғаламтор мен тарихи деректерден білетініміз болмаса... Дегенмен, шекарашыларға моншаның міндетін атқарып тұрған әскери шатырдың іші осындай ойға итермелейтін еді...

Сарбаздардың арасында өнерпаздар да жеткілікті көрінеді. Сондықтан, ауыр жұмыстан кейін серпілгісі келетіндер үшін осының өзі-ақ жеткілікті. Бұл үшін ақпараттық және тәрбие жұмыстарына арналған шатырдың ішінде тұрған домбыра, гитараны қолға алса болғаны, шағын концерт дайын.

Айтпақшы, тағы бір сүйінші жаңалық, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай, департамент бастығы полковник А.Каюповтың атынан, сарбаздардың ата-аналарына Алғыс хат жіберіліпті. Ел шетін сызатсыз күзетіп жүрген ер-азаматтарды патриот етіп тәрбиелегендері үшін.

... Тау ішінде ішкен астың өзі бөлек. Бұған қатардағы жауынгер Ерсұлтан Қадырбай дайындаған түскі астың тіл үйретін дәмін қосыңыз. Табиғаттың аясында ас сіңімді келеді – себебі адам мен табиғаттың арасында бөгет жоқ, бәрі – табиғи, шынайы, таза.

Тау ішіндегі ескен самал, жапырақ сыбдыры, жаңбырдың тамшылауы – мұның бәрі күнделікті қарбаласқа үйренген адамға ерекше бір тыныштық пен сенім сыйлайды. Ал сол тыныштықтың артында инженерлердің тынымсыз еңбегі, тау тастарынан орнатқан көперлері мен алда салатын жолдары тұр...



ҚР Журналистер одағының мүшесі Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».
Суреттерді түсірген автор.

ШЕКАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРҒА ЖОЛ САЛҒАН

Аталған инженерлік база Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын инженерлік тұрғыдан жабдықтау жөніндегі жоспарға сәйкес құрылып отыр. Бұл базаның басты мақсаты – мемлекеттік шекараны сенімді күзетуге және қорғауға қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ шекараны инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бағытындағы кешенді жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу.

Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері мемлекеттік шекараны қорғау ісінде ерекше маңызға ие. Олар шекара инфрақұрылымдарын техникалық жарақтандырумен қатар, бейнебақылау камераларын орнату, электр дабыл кешендеріне мерзімдік қызмет көрсету, темір бақылау мұнараларына жөндеу жұмыстарын жүргізу, жаяу жүргіншілер көпірлерін қалпына келтіру, жылыту бекеттерін техникалық күтімнен өткізу сияқты маңызды жұмыстармен айналысады.

Бүгінгі таңда «Шыңдалы» шекара бөлімшесінің учаскесінде панельді дәнекерленген темір тормен жеті шақырымдық қоршау орнату жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар инженерлік жол машиналарын пайдалана отырып, негізгі шекаралық құрылымдарға жол салу жұмыстары да қарқынды жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі уақытта инженерлік базаны Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлім

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Марат Нарбаев Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Шыңдалы» шекара бөлімшесінің учаскесінде жаңадан құрылған инженерлік базаның жұмыс барысымен танысу мақсатында арнайы барды.



бастығының орынбасары подполковник Мұратбек Жапарқұлов пен инженерлік-жол машиналар тобының бастығы майор Мұхтар Серіков басқарып отыр. Жүктелген міндеттерді орындауға бөлімнің жиырмадан астам

әскери қызметшісі, «Күз-2024» шақырылымының сарбазы мен азаматтық қызметшілер жұмылдырылған. Олар шекаралық нысандарды сапалы жабдықтап, ел шебін күшейту жолында аянбай еңбек етуде.

Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің басты бағыттарының бірі – инженерлік құрылыстар мен шекаралық қоршауларды және техникалық құралдарды әрдайым жарамды күйде ұстау және олардың үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз ету болып табылады.

Инженерлік базаның ашылуына орай өткен жиында бөлім бастығының лауазымдық міндетін уақытша атқарушы подполковник Тайыр Тұрдиев жеке құрамды құттықтап, мемлекеттік шекараны нығайту жолындағы еңбектеріне табыс тілеп, ел қауіпсіздігі жолындағы қажырлы қызметтерінің жоғары бағаланатынын атап өтті.

Біз инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің жеке құрамы алға қойылған міндеттерді абыроймен атқаратынына сенімдіміз.



ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-CP».
Суретті түсірген автор.

АНА ЖҮРЕГІ МЕН САРБАЗ СЕРТІ



23 мамыр күні Астана төрінде, ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында мағыналы ІІ республикалық «Ана даналығы – ұл қызметінде» атты форум өтті. Бұл – ананың мейірімі мен ұлдың анты тоғысқан, жүрек пен жүрек үндескен, терең рухани мағынамен өрілген кездесуге айналды.

дайым дұғамен, тілекпен, сеніммен тұрамыз», – деді ол жүрек тебіренерлік сөзінде. Фарида Мұраметқызы нағыз жанашыр адам. Ол «Аналар жүрегі» комитетінің атынан сарбаздармен, олардың отбасыларымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Кез келген мәселеге бейжай қарамайтын, барлық уақытта сарбаздар мен олардың ата-аналарымен байланыста. Оның қызметі – аналық мейірімді қоғамдық жауапкершілікке айналдырған өнеге үлгісі. «Аналар жүрегі» қоғамдық бірлестігі – бүгінгі Қазақстанда ел мен сарбаз, отбасы мен мемлекет арасындағы рухани байланысты

нығайтып отырған беделді ұйым. Олар аналардың үнін қоғамға жеткізіп, сарбаздардың рухын биіктетіп келеді. Форум соңында әскери ансамбльдер орындауында патриоттық әндер шырқалып, ұлттық күй мен жауынгерлік марштар кешті әсерлі түйіндеді. Бұл – ұлтына адал сарбаз бен елге үміт сыйлаған ананың құрметіне арналған шынайы тағзым сәті болды.

Форум – бір күндік шара емес, бұл жүректерді біріктірген, ұрпаққа бағыт сілтеген рухани сабақ. Ана жүрегімен берілген тәрбие – сарбаз сертіне айналады. Ал сарбаздың анты – елдіктің тұғыры.

Форумға еліміздің басты күштік құрылымдары – Қорғаныс министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық ұлан, Мемлекеттік күзет қызметі және ҰҚК Шекара қызметі қатысты. Әрбір құрылым өз саласындағы үздік сарбаздарды атап өтіп, олардың ата-аналарына ризашылық білдірді. Бұл – ананың еңбегі мен баланың борышы қатар ұлықталған сәт болды.

Осы кештің шынайы кейіпкерлерінің бірі – Шекара қызметінің сарбаздары Әшімбек Бекжан мен Бақыт Нұрдаурен болды. Олар арнайы шекарадан сапарлап келіп, ел алдында өз аналарына алғыс айтып, аналық махаббат пен ерлік тәрбиесін құрметтеді.

Азиза Абдуразанова мен Сағыныш Байболова – ұлдарының абыройы арқылы халық қошеметіне бөленген аналар қатарынан табылды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары полковник Серік Рахимов қос ананың кеудесіне естелік планкетка мен гүл шоқтарын табыстап, сарбаздарға Шекара қызметі директорының атынан мақтау қағаздарын ұсынды. Бұл көрініс – ұлт болашағы үшін жасалған тәрбие мен сенімнің айғағы еді. Олар Отан алдындағы борышын адал өтеп жүрген, тәртіп пен мінсіз қызметімен ерекшеленген жауынгерлер. Бұл марапаттар аналар үшін зор мәртебе, ұлдар үшін ұмытылмас сәт болды.

«Аналар жүрегі» сарбаздар аналар комитеті республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі Фарида Баубекова: «Ана – сарбаздың тірегі. Олардың жүрегімен өсіп шыққан ұлдар ел қорғайды. Біз сарбаздардың артында әр-



БОЛАШАҚ ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

20 мамыр күні ел астанасында, Астана қаласындағы №16 мектепте еліміздің рухани және ұлттық қауіпсіздік болашағына бағытталған маңызды оқиға — «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбының ашылу салтанаты болды. Бұл игі шара жас буынды ел қорғауға, Отанға қызмет етуге дайындайтын, бала жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілікті ерте бастан сіңіретін маңызды бастама.

Бұл бастама менің көптен бергі арманым еді. Жылдар бойы жүректе сақталған осы идея, енді шынайы іске асып отыр. Астана төрінде осындай сынып ашу – тек жоба ғана емес, бұл менің жүрегіммен орындалған елге деген сенім мен үміттің көрінісі.

Салтанатты шара аясында ҰҚК Шекара қызметі, «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігі және №16 мектеп арасында ұшжақты ынтымақтастық туралы ресми меморандумға қол қойылды. Бұл келісім аясында сыныпты толықтай жабдықтау, оқушыларға ардагерлер мен офицерлердің қатысуымен арнайы кездесулер ұйымдастыру, тәрбие мен әскери дайындық сабақтарын өткізу сынды нақты қадамдар белгіленді.

Осы бастаманың жүзеге асуына үлкен қолдау білдіріп отырған – «Застава тарландары» РҚБ төрағасы генерал-майор Мұхтар Сабидолданов. Ол бұл жобаның маңызын терең түсініп, мектеп қабырғасындағы әскери-патриоттық тәрбиені жүйелі дамытуға шын ниетпен атсалысуда. Генералдың сенімі мен қолдауы – бұл бастаманың берекелі әрі нәтижелі боларына зор кепіл.



Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары, полковник Серік Рахимов бұл бастаманың ел болашағы үшін аса маңызды екенін атап өтіп, мұндай сыныптардың ұлттық қауіпсіздік жүйесіне қосар үлесі зор екенін жеткізді.

Бұл игі бастаманы қолдап, арнайы келген Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің өкілі, шекара ардагері Ольга Доценко да балаларға жылы лебізін білдіріп, шекара қызметінің ел тағдырындағы

маңызын атап өтті. Өзінің өмір жолы мен әскери қызметіндегі тәжірибесін бөлісе отырып, Ольга Александровна жас ұрпақты Отанға адал болуға, тәртіп пен рухты биік ұстауға шақырды. Ол – шекарашы ананың бейнесіндей ел алдында жарқын үлгі.

Астаналық офицерлер бұл жобаны толық қолдай отырып, алдағы уақытта оқушылармен дайындық сабақтарын өткізуге, әскери антқа дайындық жүргізуге белсенді араласатындарын жеткізді.

Бұл бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайдағы үндеуімен үйлеседі. Мемлекет басшысы шекара маңындағы аймақтардың қауіпсіздігін ұлттық басымдық ретінде белгілеп, патриоттық тәрбиенің маңызын ерекше атап өткен болатын. «Жас шекарашы» сыныбы — осы мемлекеттік саясаттың жарқын көрінісі.

«Жас шекарашы» — бұл жай ғана оқу сыныбы емес. Бұл — тәртіп пен табандылықтың, елжандылық пен ерліктің мектебі. Мұнда біліммен бірге мінез, рухпен бірге борыш тәрбиеленеді. Ананың алақанынан басталған ізгілік, сарбаз сертіне ұласады. Осындай жобалар – Тәуелсіз еліміздің рухани тірегі, ұлттық болмыстың өмірлік арқауы.

Бетті дайындаған
подполковник Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.

КӘСІБИ ДАМУҒА ЖАҢА БАСПАЛДАҚ

Жуырда Шоқан Уәлиханов атындағы Қорғаныс министрлігінің әскери колледжінің (Щучинск қаласы) базасында Шекара қызметінің 10 әскери қызметшісі біліктілікті арттыру курсына сәтті аяқтады. Бұл – Қорғаныс министрлігімен бұрын қол жеткізілген келісімдер негізінде жүзеге асқан екінші ағымдағы сержант құрамының базалық курсы.

ҰҚК Шекара қызметі Алматы, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша департаменттерінен жиналған әскери қызметшілер оқу барысында өз салалары бойынша білімдерін шыңдап, тәжірибелік дағдыларын жетілдірді.

Білім беру курсы аяқталған соң, барлық қатысушыларға біліктілікті арттыру куәліктері салтанатты жағдайда табысталды. Оқу барысында жоғары нәтиже көрсеткен әскери қызметшілер аға сержант А.Алимов, кіші сержант И.Высочин, сержант Ж.Жұмағұлов және кіші сержант М.Краснобородкин колледж басшылығының арнайы марапатына ие болды. Ал ефрейтор Ш.Тыныштыков «Тактикалық



дайындық» пәні бойынша үздік нәтиже көрсетіп, курс үздігі атанды.

Оқу барысында шекарашылар тарапынан әскери тәртіп пен қауіпсіздік талаптарын бұзу деректері тіркелмеген. Емтихандар мен сынақтар кезінде де төмен баға алғандар болған жоқ.

Бұл курс әскери қызметшілердің жеке даярлығын арттырып қана қоймай, олардың физикалық және теориялық деңгейін көтереді. Қорытынды емтихан нәтижелері де осыны айғақтап отыр.

Осылайша кәсіби біліктілігін жаңа деңгейге көтерген шекарашылар, енді алған білімдерін қызметтік тәжірибеде тиімді пайдалануға дайын.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР». Сурет ҰҚК ШҚ Жауынгерлік дайындық және әскерлер қызметі департаментінен.

АЙБЫН

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Ұлттың ұлы мұраты – ұрпақты Отанға адал, елге жанашыр, ерлікке жақын етіп тәрбиелеу. Өйткені ел тағдырын арқалайтын ертеңгі азамат – бүгінгі жас буын. Ал олардың бойына патриоттық рухты сіңіру, елің, жерің шексіз сүйе білуге баулу – ең әуелі отбасынан басталып, мектеппен, қоғаммен және мемлекетпен жалғасатын кешенді тәрбие үдерісі. Бұл жолда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен оның құрылымдық бөлімшелері, әсіресе, Шекара қызметі – жастарды ерлікке жетелейтін, елі үшін жанын пиде етуге даяр нағыз сарбаз ретінде қалыптастыратын мызғымас мектепке айналып отыр.



Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі – ел шебін күзететін ғана емес, ел болашағына мүдделі құрылым. Әскери-патриоттық жиындар мен тәрбие жұмыстары шеңберінде бұл құрылым жастардың Отанға деген құрметін арттырып, ел тыныштығын сақтау жолында қандай ерлік пен табандылық қажет екенін нақты мысалдармен ұғындырып келеді.

Атап айтқанда, 2025 жылы дәстүрлі түрде ұйымдастырылған «Айбын» XI облыстық әскери-патриоттық жастар жиыны – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың жарқын көрінісі. Жиынға Қызылорда қаласы мен облыс аудандарынан 150-ден астам жас сарбаз қатысып, әскери-қолданбалы 8 спорт түрі бойынша шеберліктерін шыңдады. Бұл шара – тек жарыс қана емес, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезім мен жауапкершілікті қалыптастыратын рухани әрі тәжірибе жинайтын алаң.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Уәлихан Серікұлы Ибраев пен ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департамент бастығының орынбасары полковник Серік Есенжолұлы Абуслтанов қатысып, жас сарбаздарға сәттілік тіледі. Бұл дегеніміз шенді азаматтардың ел болашағы үшін алаңдау-

шылықпен қарап, жастарға жігер беріп отырғанының айғағы.

Сондай-ақ, жиын аясында «Сыр жастарының генералы» лентасы облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Ыдырысұлы Әбішке табысталды. Бұл марапат – ел болашағы үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегіне көрсетілген құрметтің белгісі.

Шекара қызметі – тек әскери тәртіп пен қатаң талаптың ортасы емес, ол – рух пен жігер шыңдалатын, адалдық пен қайсарлық қасиеттер бойға дарытылатын нағыз өмір мектебі. Шекарашылар тек шекараны күзетумен ғана шектелмей, жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру ісінде де белсенді екендіктерін көрсетуде. Олар мектептерде, колледждерде, әскери жиындарда дәріс оқып, әскери өмірдің қыр-сырын түсіндіреді.

Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстардың бір айғағы – Қызылорда қаласының командасы жеңіске жетіп, республикалық «Айбын» жиынына жолдама алуы. Бұл жеңіс – тек облыс намысы үшін емес, ел қорғайтын ертеңгі ұрпаққа сенім артқан ұлы міндеттің көрінісі.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР»
Суретті
түсірген автор.**

МАХАББАТ МЕКЕНІ...

Тағдырдың тартуы кейде күтпеген жерден кездесіп, екі жүректі бір арнаға тоғыстырады. Жаркенттің жаймашуақ күндерінің бірінде бастау алған қарапайым кездесу – бүгінде ел үшін қызмет етіп жүрген шекарашы Әділет Сымханов пен оның аяулы жары Гөзел Мусалимованың тағдырына айналды. Олардың жанұялық өмірі – махаббатпен өрілген, сеніммен ұштасқан, береке мен бірлікке толы.

Бүгінгі мақаламыз шекарашының сүйген жары Гөзел Әбіләкімқызының естелік әңгімесі арқылы өрбімек. Жолдасы старшина Әділет Сымханов – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы «Көксу» шекара бөлімшесінің топ басшысы.

Жаркент медициналық колледжінде фельдшер-акушерлік білім алған Гөзел ақ халатты абзал жандардың қатарына қосылады. Оқуын бітірген соң Алматы қаласындағы «Дента Люкс» стоматология клиникасында бірнеше жыл көмекші болып қызмет атқарады. Үнемі ізденіс пен еңбекке жаны құштар қыз үлкен қалада өз орнын табуға талпынып жүрген болатын.

Бір күні, 2007 жылдың қарашасында, сыныптас құрбысының тойына бару үшін туған қаласы Жаркентке жолға шығады. Сол той оған тағдыр жолының түбегейлі бет бұратын сәтіне айналды. Сіңлісімен бірге бір үйге қонаққа барғанда жас жігіт – Әділетпен танысады. Жас жігіт оны тойға өз көлігімен жеткізіп салады. Жол бойы әңгіме айтып, қоштасарда телефон нөмірін сұрап алады. Бірінші кездесуден бір-бірімен күн сайын телефон арқылы сөйлеседі. Араларында нәзік сезім тамыр жая бастайды. Әділеттің Жаркент шекара отрядында оркестрде қызмет атқарып жүрген кезі болатын. Ер мінезді, салмақты, өнерлі жігіт күн сайын Гөзелге өлең жолдарын арнап, көңілін баурай түседі.

Көктем шығып, күн жылынғанда Әділет демалыс алып, Алматыға келеді. Кездесулері жиілеп, араларындағы сезім беки түседі. Бір күні ғашық жігіттің: «Қарындасымның жанұясымен таныстырамын», - деген желеумен Қапшағайға жол тартады. Бірақ жол бойы Гөзелді белгісіз бір сезім мазалайды. Жолдың шыңын көтере жүйткіген көлік Қапшағайдан өтіп, Жансүгіров ауылына жетеді. Әділеттің ата-анасымен, әпке-інісімен, бала күнгі достарымен танысып, ауыл өмірін тамашалайды.

Әдемі кеш пен киелі қара домбыраның үні жүректі тербейді. Сол түні Рәш апа ақ шытын алып, келіннің басына жауып жатып:

- Бүгіннен бастап осы шаңырақтың келіні боласың, - дегенде, Гөзел жаңа өмірге қадам басқанын түсінеді.

Маусым айында басталған той шілдеде



Жаркентте қыз ұзату тойына жалғасса, тамызда Жансүгіров ауылындағы дүркіреп өткен үйлену тойына алмасады. Екі жастың махаббатын көпке паш етеді.

Бақытты жұптың өміріне бір жылдан кейін шаттық пен шуақ әкелген нәресте өмірге келеді. Бүгінде әкесінің жолын қуған тұңғыш қыздары өнер өлемінде қанат қаққан жас талант. Жаркент қаласындағы өнер мектебінде дәстүрлі ән мен күйден сабақ алуға. Түрлі байқауларда жүлделі орындардан көрініп жүр. Болашағынан үміт күттіретін өнерпаз.

Осыдан кейін де Гөзел әйел бақытымен қатар, елге үлгі боларлық аналық жолын жалғастырып, төрт бірдей балаға өмір сыйлады. Шаңырағы шаттыққа, жүректері махаббатқа толы отбасы – сүйіспеншілік пен адалдықтың мекені.

Старшина Әділет Сымханов – елі мен жерінің шекарасын күзетіп жүрген ер азамат. Қызметінде тәртіпті, отбасында қамқор әке, адал жар. Ал Гөзел – отбасының берекесін асырып отырған асыл ана, ардақты жар.

Әділеттің шаңырағының іргетасы – махаббатпен қаланған, төбесі – сеніммен жабылған, төрі – мейірімге толы. Осындай отбасылар еліміздің тірегі, қоғамымыздың мақтанышы.

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет жанұя мұрағатынан.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕНІМ ИЕСІ

Ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігі – әрбір шекарашының күнделікті қажырлы еңбегінің жемісі. Осындай жауапкершілігі жоғары, абыройлы қызметті адал атқарып жүрген азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданына қарасты шекара басқармасындағы Қарабұта шекара бөлімшесінің старшинасы Тұрсынқанов Азамат Нұрланұлы.



Азамат Нұрланұлы 1999 жылы 23 қазанда Шығыс Қазақстан облысы, қазіргі Абай облысына қарасты Үржар ауданы Мақаншы ауылында дүниеге келген. Балалық шағын туған жердің табиғат аясында өткізіп, бойына туған өлке мен Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіріп өсті. Білім жолын 2006 жылы Мақаншы ауылындағы Көктерек орта мектебінде бастап, 2017 жылы аталған оқу орнын табысты аяқтады.

Мектепті аяқтаған соң, Алматы қаласына жол тартып, Рудзудинов атындағы стоматологиялық колледжге түсіп, 2017–2019 жылдар аралығында орта кәсіптік білім алып шықты. Жас маман ретінде медицина саласында еңбек етуге де мүмкіндігі болғанымен, Азамат ел алдындағы азаматтық борышын өтеуді және әскери жолды таңдады. Бұл шешім оның мінезіндегі патриотизм мен ерік-жігердің айқын көрінісі болатын.

2019 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Шонжы шекара отрядына шақырылып, «Аманжол» шекара бөлімшесінде алғашқы әскери тәжірибесін жинады. Мұнда ол әскери тәртіпке бейімделіп, шекарашы ретінде өзін дәлелдей білді. Қызметтегі тиянақтылығы мен жауынгерлік дайындыққа деген ынтасының арқасында командирлер тарапынан оң баға алды.

2020 жылдан бастап Тұрсынқанов Азамат туған өлкесі – Мақаншы ауданында шекара қызметін жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі таңда ол ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Қарабұта шекара бөлімшесінде старшина лауазымында қызмет атқарып келеді. Бұл – кез келген әскери қызметкер үшін үлкен сенім мен жауапкершілік жүктейтін міндет.

Қарабұта шекара бөлімі – шекараның стратегиялық маңызы жоғары аймақтарының бірі. Мұнда қызмет атқару – шынайы кәсіби шеберлік пен тәртіпті талап етеді. Старшина ретінде Азамат Нұрланұлы бөлімшедегі ішкі тәртіп пен жауынгерлік дайындықтың сақталуын қадағалап, жас сарбаздарға үлгі көрсетіп келеді. Ол ұжым ішінде беделді, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, әріптестері арасында сыйлы маман ретінде танылған.

Әскери қызметтен тыс өмірде де Азамат – үлгілі азамат. Отбасын құрғаң жұбайымен бірге болашаққа нық қадам басып келеді. Шекарашы бола тұра, отбасылық өмір мен қызмет арасындағы тепе-теңдікті сақтап, екеуіне де зор мән береді. Бұл оның өмірге деген байыпты көзқарасын көрсетеді.

Тұрсынқанов Азамат Нұрланұлы – жас болса да, әскери қызметтің қиындықтары мен жауапкершілігін терең түсінетін, тәртіп пен Отан алдындағы адалдықты жоғары қоятын шекарашы. Оның алдағы уақытта да қызмет баспалдағымен жоғары өрлеп, еліміздің тыныштығы үшін аянбай еңбек ете беретініне сенім мол.



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».**
Сурет шекара
бөлімшесінен.

100 ШАҚЫРЫМДЫ БАҒЫНДЫРҒАН ШЕКАРАШЫ

Алматы қаласындағы Тамғалы-Тас шатқалында өткен халықаралық «Tengri Ultra 2025» экстремалды ультрамарафонында Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментінің арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімшесінің аға нұсқаушысы кіші сержант Талғат Қасанұлы Жұмаділов 100 шақырымдық қашықтықты 13 сағат 27 минутта жүгіріп өтіп, 40-49 жас аралығындағы қатысушылар арасында 1-орынға ие болды.

Аталған санатта 106 үміткер бақ сынаса, жарысқа 20 елден келген 1800-ден астам спортшы қатысты. 1700 метрлік биіктікке көтерілетін күрделі тау жолы, жауынгерлік мінездің нағыз сыналатын сәті еді. Осы сында шыныққан шекарашы өзгелерден оза шауып, мәреге бірінші болып жетті.

– Бұл менің алғашқы 100 шақырымдық марафоным. Бұған дейін 70 шақырым жүгіріп көргенім, бірақ дәл осындай деңгейдегі жарысқа алғаш рет қатысуым. Жақсы дайындалдым, жаттықтырушым үнемі қолдау көрсетті. Бұл жеңіске үлкен мақсатпен, сеніммен жеттім, – дейді Талғат Жұмаділов.

Талғат Қасанұлы 1983 жылы 12 тамызда Павлодар облысы Шарбақты ауданы Шалдай ауылында дүниеге келген. 2002 жылы Шалдай орта мектебін тәмамдаған соң, Отан алдындағы борышын өтеу үшін Ұлттық ұланноқ 0112 әскери бөлімінде (2002–2004 жж.) мерзімді қызмет атқарады.

Шекара қызметіне 2009 жылы қабылданып, алғашқы еңбек жолын Арлан шекара заставасында радиотелефонист болып бастаған. Кейін Шалдай шекара заставасында қызметтік иттер нұсқаушысы ретінде қызмет етеді. Ал 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Талғат мықты



жауынгерлік дайындықты талап ететін арнаулы мақсаттағы бөлімшеде қызмет атқарып үздіксіз шынығып келеді. Кіші сержант Т. Жұмаділов әскери өміріндегі тәлімгері ретінде қазіргі таңда Шекара қызметінің ардагері болып табылатын, Тәжік-Ауған шекарасындағы соғыс қимылдарының қатысушысы, «Айбын» орденінің

иегері прапорщик Айбек Шәріпбайұлы Жөтековті ерекше атап өтеді.

– Айбек аға менің ұстазым әрі тәлімгерім. Ол маған білгенін үйретіп, әрдайым үлгі болды. Мен сол кісіден көп нәрсе үйрендім – дейді әріптесі жайлы Талғат.

Қазір Талғат – адал жар, қос перзенттің қамқор әкесі. «Tengri Ultra 2025» марафонында оның жанынан табылған жары Гүлмира Амангелдиевна мен 7 жасар қызы Айару шекарашыны мәреге жеткенше телефон арқылы қолдап жеңіске жетуіне дем беріп отырғанын айтады.

Оның бұл жеңісі тек жеке басының ғана емес, бүкіл Шекара қызметінің абыройын асқақтатқан ерлік болды. Талғаттың табандылығы мен қайсарлығы - ел шебінде тұрған шекарашылардың темірдей тәртібі мен сарқылмас жігерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жеңісіңіз құтты болсын, Талғат Қасанұлы! Шекарашылар сіздей азаматпен мақтанады!



**Майор
Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».**
Сурет жанұя
мұрағатынан.

БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ

«.... тыңдап тұрмын!» Құлаққа жылы естілетін осы бір үннің маған етене болып кеткеніне 25-ші жылдың көктемі... Мақала жазып отырып, аяқ астынан мәлімет қажет бола қалған кезде сенің жұмыс үстеліңде манадан бері «үнсіз» тұрған жедел телефонның тұтқасын көтеріп, өзіңе қажетті шекара басқармасының нөмірін тересің. Әрине, жедел кезекшісінің емес... Байланыспен қамтамасыз ету тобының.



...Осылайша, өзіңе қажетті шекара бөлімшесінің немесе шекарашының нөмірін әп-сәтте тауып аласың да, сосын қайтадан мақалаға қайтадан кірісесің. Бүгінге дейін осылай жалғасып келді. Дәлерегі, осы мақала жазылғанға дейін...

Әрине, қазақ атамыз айтпақшы «Сөзбөзсіз – салдар жоқ». ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша

департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының байланыс және қамтамасыз ету тобы тұрақты радио постының аға технигі аға сержант Исрапул Салмановпен де мақала жазып отырып, аяқ астынан қажет болған мәліметтің арқасында таныстық. «Таныстық» деу, бер жағы, біздің болашақ кейіпкеріміз бізді бұрыннан бері танытың, тіпті, біздің қаламнан туған рухани дүниелерді үзбей оқытын оқырмандарымыздың бірі болып шықпасы бар ма?! Осыдан кейін «жазған құл да шаршау бола ма?» демекші, өзін бірден сөзге тартып көрсек, байырғы шекарашылардың бірі көрінеді.

Шекара қызметінің сапында 2004 жылдың маусымынан бері. Ал дүние есігін қазіргі кезде өзі қызмет атқаратын Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасы орналасқан Шонжы ауылында ашыпты. Тағдырдың сыйы болар, ол өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын 2001-2003 жылдары қазіргі Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Майқапшағай» шекара бөлімшесінде өтесе керек. Осыны естіген кезде елең ете қалған біз:

– Қазақ-қытай шекарасының түбінде тұрған шекара бөлімшесі ғой... Сондықтан, өзіне журналистік іссапармен барған сайын, бөлімшенің дәл желкесінде тұрған бақылау мұнарасына шығып, төңіректі дүрбімен шолған сарбаздың қызметін суретке түсіретінбіз, – деді. Шынымызды айтсақ, бұл – біздің өзіндей шекарашыға деген құрметіміз болатын. Өйткені, бізді мұнда «қауіпті тыныштық» қарсы алар еді...

Біздің кейіпкеріміз күлімсереді. Мұнысы оның бізбен келіскенін білдіретін.

– Өзімнің азаматтық борышымды осындай ортада өтеген соң, оның өзім шекаралық өңірден болғандықтан, болашағымды да шекарасыз елестете алмадым, – дейді Исрапул. Сондықтан, туған үйіме оралып, біраз аунап-қунап, сағынышымды басқан бойда шекара басқармасына барып, құжаттарымды өткіздім. Сөйтіп, арадан жыл өтпей жатып, қайтадан шекарашы атанған мен өзімнің алғашқы қызметімді «Қазбұлақ» шекара бөлімінде байланысшы болып бастадым. Содан бері байланыс саласындамын. Осы аралықта, Алматы қаласындағы Қазақ қатынас жолдары университетінің автоматтандыру және басқару факультетін сырттай бітіріп, жоғары білімді маман атануыма сол кездегі шекара отрядын басқарған марқұм полковник Тұрғанбек Стамбековтың тигізген шапағаты мол. Жалпы, мен үшін сардардың өзі де ерекше жан болатын. «Қазбұлақ» шекара комендатурасына жолы түскен сайын осы бір тамаша адамның тізе бүгіп демалғанын көрмеппін. Күні-түні шекарадан шықпайтын. Осындай өзінің жұмысына қатты берілген командирді ұятқа қалдыруды – әсіресе мен өзіме сын көретінмін...

Әлі күнге дейін осылай. Сосын да ол өзі қызмет атқаратын ұжымның үздігі. Байланыс саласының майталманы. Ал шекарашының жанұясына келсек, жолдасы Сажидям екеуі екі ұл мен екі қыздың ата-анасы.

Міне, осылай. 2018 жылы шекара басқармасының «Жыл сержанты» атағын жеңіп алған Исрапул жеңіл атлетика десе, «ішкен асын жерге қоятынның» нақ өзі.

...Дегенмен, білесіз бе, құрметті оқырман, біз «Шекарашы» журналының алдағы нөмірлерінің біріне аға сержант И.Салманов туралы очерк жазуды шештік. Өйткені, ол осындай құрметке лайық.

Мықты байланысшы һәм, өз ісінің білгірі болғандықтан!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Сурет аға сержант
И. САЛМАНОВТЫҢ
жанұялық мұрағатынан.

ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛАТЫН ТӘРТІП

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі — ел тыныштығы мен аумақтық тұтастықты қорғау жолында тынымсыз еңбек ететін құрылым. Бұл мекемеде темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершілік — басты қағида.

Шекара шебінде сап түзеген сарбаздардың қызметі қаншалықты маңызды болса, олардың күнделікті тұрмысын қамтамасыз ететін қарапайым еңбек иелерінің рөлі де соншалықты айрықша. Солардың бірі — көп жылдық еңбегімен үлгі болған, өз ісіне адал қызметкер Шокпарова Карима Шәкизадақызы.

2012 жылдан бері Қызылорда облысы бойынша департаментінде кір жуушы оператор лауазымында қызмет етіп келе жатқан Карима Шәкизадақызы — шекара құрылымының тыныс-тіршілігінде ерекше орын алатын еңбек адамы. Әрбір әскери қызметкердің киімі — оның ұқыптылығы мен тәртіпке деген құрметін білдіреді. Осы жауапты іске Карима апай жылдар бойы кіршіксіз адалдықпен қарап келеді.

Ол шекара қызметінің ішкі тәртібі мен

ұжымдық мәдениетінің қалыптасуына үлес қосып жүрген жан. Өз жұмысында ұқыптылық пен тазалықты ғана емес, жауапкершілікті, сабыр мен төзімділікті басты орынға қойған ол — ұжымдағы жас мамандарға үлгі.

Карима Шәкизадақызы — отбасының тірегі. Екі ұлды тәрбиелеп, елге адал ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қосып отырған ардақты ана.

Осындай адамдардың қарапайым еңбегі — еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі десек те болады. Олар көзге көп көріне бермесе де, үлкен ұжымның іргесін берік ұстап тұрған сенімді тұлғалар.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



МЕЙІРІМ МЕН ЖЫЛУЛЫҚТЫҢ ИЕСІ

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Бауыржан Момышұлы» шекара бөлімшесі — тыныштықтың тұрағы, қауіпсіздіктің қалқаны. Ал осы бөлімшеде ана мейірімін төге отыра, темірдей тәртіптің үлгісі болып жүрген Айгүл Абдуалиева — ұжымның шын мәніндегі шырағы.



Қызметші Айгүл Абдуалиева ұзақ жылдар бойы аталмыш бөлімшеде аспазшы болып қызмет атқарып келеді.

Ол — әскери өмірдің ауыртпалығына төзімділікпен төтеп беріп, жас сарбаздардың жанын түсініп, әрқайсысына жүрек жылуын арнаған жан. Оның жүріс-тұрысы, сабырлы да салиқалы мінезі өзгеге үлгі. Қарапайымдылығы мен іскерлігі қатар өрілген бұл әйел әскери тәртіптің иірімдерін нәзік жүрекпен ұштастыра білді.

Айгүл апайдың күнделікті қызметі таңның атысынан кештің батысына дейін сарбаздардың жан дүниесіне үңілумен өтеді. Әрқайсысының жай-күйіне алаңдап, алыстағы анасы сияқты аналық мейіріммен қарайды.

Айгүл Абдуалиева үшін шекара — жай ғана қызмет орны емес, бұл — үлкен отбасы. Ол осы ұжымның әрбір мүшесіне аналық жүрекпен қарайды. Қай сарбаздың туған күні, қай баланың анасына деген сағынышы шексіз — бәрін

біледі, бәріне қамқор. Әңгімелері сарбаздар үшін өмірлік сабаққа айналып, Отанға деген сүйіспеншілікті тереңдете түседі. Шекарадағы күндер қиын өткенімен, Айгүл Абдуалиеваның жүрек жылуы бұл мекенге ерекше шуақ шашып тұрғандай.

Ана жүрегіндегі мейір мен жауапкершілік, темірдей тәртіп пен шынайы қамқорлық Айгүл апайды ұжымның құрметіне бөлеп отыр. Сарбаздардың анасы атанған абзал жанның бейнесі — бүгінгі тыныш өмірдің көрінбейтін қорғаны. Оның әрбір ісі — жас ұрпаққа үлгі, әрбір сөзі — рухани қолдау. Айгүл Абдуалиева — шекараның үнсіз тірегі, мызғымас рухтың иесі.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕЛ ТІРЕГІ — ЕҢБЕК АДАМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялай отырып, ел дамуы мен қоғам тыныштығы жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген қарапайым еңбек адамдарының маңызын айрықша атап өтті. Расында да, Шекара қызметінде — түрлі салада маңдай терін төгіп жүрген азаматтар да жетерлік. Осындай шынайы патриотизм мен кәсібіне деген адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп жүрген жандардың бірі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы департаментінің инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің тракторшысы қызметкер Камаев Рашид Абдолданович.

Рашид Абдолданович 1968 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында дүниеге келген. 2006 жылы Шекара қызметіне келісім-шарт бойынша қабылданып, 2013 жылдан бастап штаттық қызметкер ретінде тұрақты еңбек жолын жалғастырып келеді. Қызметіне деген жауапкершілігі мен адалдығының арқасында әріптестері арасында үлкен беделге ие болған Рашид Абдолданович 2020 жылы Шекара қызметіндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөліміне ауысты. Осы уақыттан бері тракторшы ретінде шекара инфрақұрылымын нығайту бағытындағы жұмыстарға белсенді түрде қатысып келеді.

2021 жылы Маңғыстау облысында өткен «Қалқан-2021» оқу-жаттығуы барысында бес шекара бөлімшесіне арналған қосалқы қорғаныс бекеттерінің

құрылыс жұмыстарына қатысып, өзінің кәсіби шеберлігін жоғары деңгейде көрсетті. Бұдан бөлек, 2021 жылдың тамызынан 2022 жылдың қыркүйегіне дейін Жамбыл облысы бойынша департаментінің шекаралық аймағында шамамен 50 шақырымға созылған инженерлік жабдықтау жұмыстарына атсалысып, ерекше белсенділік танытты. Ал 2023 жылдың басынан бастап Шығыс Қазақстан облысында Ресей Федерациясымен шекара бойында жүргізіліп жатқан қорғаныс желілерін салуға үлес қосып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал қызметін жалғастыруда.

Камаев Рашид Абдолданович — тек кәсіби маман ғана емес, жоғары тәртіп пен еңбекқорлықты ту еткен азамат. Ол техникаға мұқият, өзіне жүктелген әрбір міндетке асқан жауапкершілікпен қарайды. Ұжымдағы жас қызметкерлерге бағыт-бағдар



беріп, үлгі бола білетін тәжірибелі маман. Қызмет барысында бірнеше рет марапатталып, басшылық тарапынан алғыс хаттар

мен марапатталған. Бұл — оның жылдар бойы сіңірген еңбегінің әділ бағасы.

Мемлекет басшысы айтқан-

дай, «Біз еңбек адамына жағдай жасау арқылы елдің болашағын нығайтамыз. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру — стратегиялық міндет». Бүгінгі таңда жұмысшы мамандықтары — экономиканың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлттық қауіпсіздіктің негізгі тіректерінің бірі. Олардың еңбегі — көрінбейтін, бірақ аса маңызды. Шекара шебінде тынымсыз еңбек етіп жүрген Рашид Камаев сынды жандардың үлесі — ел тыныштығының, шекара тұтастығының кепілі.

Еңбектің қадірін білетін ел ғана болашағын баянды ете алады. Ал шынайы құрметке қарапайым, адал еңбек иелері лайықты.

Майор
Ф. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара басқармасынан.

ПРИМЕР ВЕРНОСТИ, ДОЛГА И ЧЕСТИ

Со страниц книг, экрана телевизора люди в военной форме всегда привлекали внимание юного Рената Темербаевича своей выправкой, твердыми жизненными принципами и железной дисциплиной.



И когда на школьном выпускном перед ним были открыты все двери и надо было принимать решение как прожить эту жизнь, парень выбирает военно-техническое училище. После его окончания, он уходит служить в армию. Осуществляется юношеская мечта – уроженец села Киевское Акжарского района Северо-Казахстанской области надевает форму, а на его плечи ложатся первые в его жизни погоны. Устав, дисциплина, порядок, строй, сила воли и стальной характер – все, что раньше он видел только в фильмах или читал в книгах, врывается в его жизнь.

Будучи не в силах проститься с мечтой, Ренат Акишев решает остаться в армии и продолжить службу в составе Вооруженных сил РК в воинской части 53898 в г. Балхаше на контрактной основе. Но тоска по дому и родным звала его домой и по окончании контракта Ренат Темербаевич был уволен из рядов ВС в запас и вернулся домой.

Но армия, навеки покорившая его душу, звала его к себе и менее чем через год его стремление служить Отечеству было реализовано вновь – 11 ноября 2008 года он был

призван на контрактную службу в воинскую часть 2032 Пограничной службы КНБ. Примечательно, что обретая покой в душе, связав свою жизнь со служением Родине, наш герой находит и отраду своему сердцу – супругу Алию, которая на протяжении 16 лет служит надежной опорой и верной спутницей жизни во всех перипетиях, что встречаются на жизненном пути.

Начиная свой путь с должности водителя, Ренат Акишев сразу зарекомендовал себя как грамотный специалист, талантливый организатор и отличный хозяйственник. Исполняя обязанности старшего техника пограничной заставы старший сержант инициирует вопрос строительства гаражей для автомобильной техники и сам

лично принимает активное участие в этом процессе.

Руководство отмечает его стремление и назначает его старшиной пограничной заставы «Аралгаш». Так служение Отечеству для него стало не просто работой, а частью самых важных моментов его жизни.

За годы службы в пограничном отделении под руководством старшего сержанта Р. Акишева были построены питомник для служебных собак, кинологический городок, спортивный городок, различные склады, гаражи для техники и другие бытовые помещения. За добросовестное исполнение своих служебных обязанностей старшина неоднократно награждался правами вышестоящего командования.

Ренат Акишев не только верный военнослужащий, но и образцовый семьянин – в духе казахстанского патриотизма и любви к Родине они совместно с супругой воспитывают троих дочерей.

Майор Д. УТЕБАЕВА, «OS-ЧР».
Фото из личного архива Р. АКИШЕВА.

ЖЕРІН ҚОРҒАР ЖАС САРБАЗ

Жуырда ғана «Көктем – 2025» шақырылымы жас сарбаздарының әскери ант қабылдау салтанатты шарасы өтті. Ақжолтай хабарды алыс-жақыннан сүйінші сұрап, жарыса жазғанбыз. Департамент ғимаратындағы саптық алаңдағы сымдай тартылған сарбаздың ант қабылдау сәтіндегі екпінді дауысы мен батыл адымдары көптің көңілін қуантқан.

Шекарашы ұл 2006 жылы Атырау облысы Мақат ауданы Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Атырау энергетика және құрылыс колледжін «электрик» мамандығы бойынша тәмамдаған. Он сегізді тоқтырып, бозбала шақпен қоштасқан тұста замандас-құрдастарымен бірге Отан қорғауға асыққан ол «Көктем – 2025» шақырылымында шекарашылар қатарын толықтырды. Қазіргі уақытта департамент құрамындағы техникалық және кәсіптік даярлық бөлімшесінде әскери өмірдің табалдырығын аттап, жауаптылардың берген тәлім-тәрбиесімен білімін жетілдіруде.

– Мен осы мұнайлы өлкеде толғаттым. Жерін жауға бермеген батырлардың топырағында туғасын ел қорғау ісіне күш салуды бала күннен арман қылдық. Алып арман биік мақсаттарға жетеледі. Әкем Өмірбек «қайтсең де, қазаққа қызмет ет!» деп тәрбие берді. Ес білгелі сол бағытпен алға адымдап келемін. Анам Айтолған да жасым жеткен бойда сарбаз болуымды қалады. Әскери ант қабылдау рәсімі жақындағанда алғаш қуанғандардың бірі де сол кісі болады. Біз анадан туған үшеуміз. Апам және ізімнен өрген кенже інім бар. Ол маған қарап бой түзейтінін білемін. Сондықтан да оған үлгі-өнеге болғым келеді. Әскер мені жауапкершілік пен табандылыққа, төзімділікке үйретті. Таңмен таласа басталатын жауынгерлік қызмет алдағы қиын күндерге шыңдап, сын сағатта сүрінбеге серпін береді, дейді қатардағы жауынгер Нұрдәулет Аманқұл.

Бүгінде Шекара қызметі болашағы жарқын мүмкіндіктер мекеніне айналған. Бұл әрине көңіл қуантарлық жайт. Жас шекарашы да мерзімді әскери қызметтен соң келісімшарт негізінде қызметін одан әрі жалғастырығысы келеді. Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау ісін жүзеге



асыратын шекара бөлімдері мен бөлімшелеріне жаңа леп болғысы келеді екіара сырлы сұхбаттан аңғардық. Уақыты жеткенде департамент құрамындағы арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар тобында төбе көрсеткісі келеді. Тиісті құжаттарын ресімдеуге өзі тұрған ұлға айқын мақсатың мінберге жетелесін тілек тілдіреміз.

Біз де күнтізбеге көктем қонақтанған уақыт шекарашы атанған жас сарбаздың алдағы жауынгерлік жорығына сәттілік серік болсын дейміз. Найзағай намыстың ерен үлгісін көрсетіп, абырой биігінен аласарма, жауынгер. Себебі ел іргесіндегі тыныштық пен тұтастық сенің қолыңдағы қарудың қаһарымен тікелей байланысты.



Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

СЛУЖЕНИЕ СПОРТУ — ЗАЛОГ ЗДОРОВЬЯ



Калижан Кажимуханович родился 9 сентября 1976 года в селе Шұғылбай. Еще с детства он был привязан к спорту, а потому выбор профессии был очевиден – после службы в армии

он окончил Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова по специальности «преподаватель физической подготовки».

Но его судьба оказалась не-

Физическая подготовка – неотъемлемая часть службы пограничников. Это не просто тренировки, а системный подход к развитию выносливости, силы и боевого духа. Одним из тех, кто воспитывает в военнослужащих стремление к победе, является Калижан Ахметжанов – начальник физической подготовки Департамента Пограничной службы КНБ по Костанайской области.

разрывно связана с Пограничной службой. В 2010 году он поступил в Академию Пограничной службы КНБ, где получил ценные знания и навыки. В 2023 году ушел на заслуженный отдых в звании майора.

Однако покидать ряды пограничников Калижан Ахметжанов не захотел – сегодня он продолжает служить своему делу, работая начальником физической подготовки в Департаменте.

Будучи человеком, посвятившим жизнь военной службе и спорту, Калижан Кажимуханович понимает, что физическая подготовка – это не просто тренировки. Это путь к дисциплине, выдержке и психологической устойчивости.

– Физическая выносливость – залог успешного выполнения боевых задач. Чем лучше под-

готовлен военнослужащий, тем увереннее он действует в сложных условиях, – говорит майор запаса.

Под его руководством проводятся масштабные спортивные мероприятия – соревнования по мини-футболу, волейболу, армрестлингу, гиревому спорту, легкоатлетическим дисциплинам и военно-прикладному многоборью. Особое внимание он уделяет участию пограничников в региональных и республиканских соревнованиях, представляя их как сильных, выносливых и дисциплинированных спортсменов.

Спорт для него – не просто работа, а образ жизни. Он вдохновляет военнослужащих на саморазвитие, доказывая личным примером, что дисциплина и упорство приводят к успеху.

Его вклад в развитие физической подготовки пограничников – это вклад в укрепление национальной безопасности. Ведь сильный пограничник – это надежный защитник рубежей Родины.

Калижан Кажимуханович – пример офицера, который, несмотря на годы службы, продолжает воспитывать новое поколение защитников, передавая им не только знания, но и любовь к спорту, стойкость и волю к победе.



Лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото автора.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нұрғалиев
Редактор: Азамат Мұханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдос Киргизбаев
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайратай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрсұлтан Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Куанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев
Немірдің кезекші редакторлары: Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

ӨМІРІ ӨНЕГЕ БОЛҒАН ГЕНЕРАЛ

Өткенге әділет көзімен қарау — аға буынға деген құрметтің белгісі. Тарих беттерінде жаңсақ шешімдер, саясат салдарынан кеткен қателіктер болғаны рас. Бірақ сол кезеңде халқы үшін адал еңбек етіп, елінің амандығы үшін өмірін сарп еткен тұлғалар да болды. Солардың бірі — қазақ даласында туып-өскен, Ұлттық қауіпсіздік саласының ардагері, ержүрек генерал Балғабай Байжігітов еді.

Балғабай Байжігітов 1921 жылы 21 желтоқсанда қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданының топырағында дүниеге келді. Әкеден ерте айырылып, ашаршылық пен жетімдік тағдырын арқалаған бала Балғабай тағдырға мойынсұнбады. Қарананды бөліп жеп, қозы бағып, масақ теріп жүріп те білім алуға деген құштарлығын жоғалтпады. Шымкенттегі ауыл шаруашылық техникумында білім алды. Сол жерде кейін ел таныған азаматтармен — Кеңес Одағының Батыры Бейсен Оңтаевпен, мемлекет қайраткері Исатай Әбдікаримовпен бірге оқыды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда, ел қорғауға алғашқылардың бірі болып аттанды. І-ші Украина майданы құрамындағы шекарашылар құрамында қызмет етіп, жауынгерлік міндетін абыроймен атқарды. 1946 жылы Потсдам конференциясы кезінде И. Сталин, У. Черчилль, Г. Трумен сынды державалар көшбасшыларын қорғау шараларына қатысып, ерекше тапсырмаларды орындағаны үшін жоғары үкіметтің алғысына ие болды.

Соғыстан кейін елге оралып, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МҚК) жүйесінде қызмет жолын бастады. Оңтүстік өңірлерде түрлі жауапты қызметтер атқарды. 1965–1985 жылдар аралығында Атырау мен Ақтөбе облыстарындағы МҚК басқармаларының бастығы қызметтерін атқарды. Әсіресе Ақтөбе өңірінде 15 жыл бойы үздіксіз, абыроймен еңбек етуі — бұл салада сирек кездесетін еңбек жолы.

Б.Байжігітов екі рет «Қызыл Жұлдыз» және Ұлы Отан соғысының I дәрежелі ордендерімен, 20 шақты түрлі медальдармен,

Жоғарғы Кеңес Президиумының, Комитеттің Құрмет грамоталарымен марапатталды, «Мемлекеттік қауіпсіздік саласының құрметті қызметкері» атағына ие болды. 1985 жылы Б.Байжігітовке МҚК-нің генерал-майор шені берілді.

Ел мүддесіне өмірін арнаған кемел тұлға 2002 жылы ауыр науқастан кейін бақилыққа кетті. 2007 жылы генералға Ақтөбе облыстық Департаменті музейінен арнайы стенд пен өзі басқарған мекемеде ескерткіш тақта қойылды. Генералдың есімі Шымкенттегі Данқ аллеясында жазылған. 2015 жылы қаланың бір көшесіне оның аты берілген. Генералдың 95 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығы мерекесіне арнап, ағайын-туыс, дос-жарандары, қызметтестері қайталанбас тұлғаның бойындағы асыл қасиеттерін жас ұрпаққа үлгі ету мақсатында «Отырардан шыққан тұңғыш генерал» атты естелік кітап шығарды.

Қай істе де, қай жерде де көшбасшылық қалпынан айнамай, іскерлік пен талапшылықты, азаматтық пен ұстаздықты жанына жалау етіп, артына игілікті іс пен үлгі-өнеге қалдырған кемел тұлғаларымыздың бірі – генерал Б.Байжігітов бүгінгі буын үшін де рухани құндылық.

Елінің тыныштығы үшін өмірін арнаған арда азаматтың рухына тағзым ету – біздің перзенттік борышымыз.

Майор Р. НҰРМЕТ.
Сурет отбасылық мұрағаттан.



ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Арман Орақұлы өмірін шекараны нығайтуға, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арнады. Ол әр қызметінде адалдықтың, шеберліктің және жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Жас лейтенант кезінен бастап, полковник шеніне дейін еліміздің әр түрлі аймақтарында қалдырған ізі, еліміздің картасында алтын әріптермен жазылды.

Арман Орақұлы Жумахметов 1975 жылы 27 қазанда Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шілікті ауылында дүниеге келген. 1992 жылы туған ауылындағы орта мектепті бітірген соң ҚР ҰҚК Шекара қызметі институтына түсіп, 1995 жылы жас лейтенант ретінде Мақаншы шекара бөлімшесіне қызметке орналасты. Алғашқы лауазымы – застава бастығы. Кейіннен бөлімнің штаб бастығы болып тағайындалды.

2001–2003 жылдары Ақтөбе облысындағы 2030 әскери бөлімінде штаб офицері қызметін атқарды. 2006 жылы Ре-

надағы орталық аппаратында қызмет етті. 2015–2016 жылдары Жаркент шекара жасағын басқарды. Осы кезеңде жасақ қызметкерлерінің әскери дағдылары айтарлықтай жетілді. ҰҚК Шекара қызметінің инспекциялық тексеруі нәтижесінде Жаркент жасағы бірінші орынға ие болды.

2016 жылы Ақтау қаласындағы «Батыс» аймақтық басқармасының штаб бастығы лауазымына көтерілді. 2017–2018 жылдары Ресей Қарулы Күштері Бас штабының әскери академиясында тыңдаушы болды. 2019–2020 жылдары «Батыс» аймақтық басқармасында штаб бастығы қызметін қайта атқарды. 2021 жылға дейін Қостанай облысындағы ҰҚК Шекара қызметі департаментінің бастығы болды. Сол жылдың тамыз айында полковник Арман Жумахметов қаза тапқан еді. Енді бүгінде осындай ерлік жолында із қалдырып кеткен біртуар азаматтың артында қалған қарулас әріптестері мен

2024 жылдың 16 мамырында Ақтөбе облысы Шалқар ауданына қарасты Кішіқұм ауылдық округіндегі Тоғыз жалпы орта мектебінде полковник Арман Орақұлы Жумахметовке арналған естелік мемориалдық тақтасының ашылу салтанаты өтті. Шараны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті ұйымдастырды.



тырылған жарыспен жалғасты. Мемориалдық тақтаның ашылу салтанатында сөз сөйлеген ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департамент бастығының орынбасары полковник Серик Амиров, «Арман Жумахметов сияқты ерлік пен мәрттіктің тұлғасын мәңгі еске алатын мемориалдық тақтасы орнатылды. Бұл мемориалдық тақта, Отан үшін Шекара қызметі үшін өмірін арнаған батырдың еңбек жолын мәңгі жырлайтын нышаны болмақ», – деп елге сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімі Жалғас Табынбеков шараның жалғасын тапқан волейбол турнирінің қатысушыларына сәттілік тілеп, жылы лебізін жеткізді.

Іс-шара барысында Арман Жумахметов жайлы естеліктер де айтылды. Шілікті ауылының құрметті азаматы жайлы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аққайыр Мәлкешұлы тебірене еске алды.

Вокал сыныбының оқушыларынан құралған хор ұжымы «Қазақстан – қыран дала» әнімен кешті бастап, одан кейін бірқатар патриоттық әндер шырқалды.

Сонымен бірге, Шекара қызметінің «Арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар» бөлімінің шекарашылары әскери өнерлерін көрсетіп, жиналған жұртшылықты тәнті етті.

Мемориалдық тақтаның ашылуымен басталған айтулы шараның арты Арман Орақұлы Жумахметовке арналған еске алу волейбол турниріне жалғасқан болатын. Жарысқа ауыл тұрғындарынан және шекара қызметкерлерінен құралған 6 команда қатысты. Жарыс тартысты әрі әділ төрешілікпен ұйымдастырылды.

Турнирдің қорытындысы бойынша, бірінші орынды ҰҚК Шекара қызметінің «Арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар» бөлімінің шекарашылары иеленді. «Үздік ойыншы» атағын осы

команданың спортшысы Әділет Жумаев қанжығасына байлап, үздік атанды. Екінші орынға Шілікті ауылының тұрғындарынан құралған спортшылары жайғасты. Үшінші орынға «Шалқар» шекара бөлімінің әскери қызметшілерінен құралған спортшылары иеленді. Волейбол жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері алғыс хат, кубокпен және ақшалай сыйақылармен марапатталды. Арман Жумахметовтың әкесі Орақ аға осы игі шараны ұйымдастырған жандарға жүрекжарды алғысын білдірді.

Арман Орақұлының ерлік жолы бізге жол көрсетіп, ұрпақтарға рух беретін шырақ болып қалады. Қазақстан Республикасының шекарасын сақтағандарға, Отан үшін қызмет еткендерге – алғыспен құрмет.

Лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-CP».
Суреттерді түсірген автор.



сей Федерациясының Шекара академиясында білімін көтеріп, Отанға оралғаннан кейін Ақтау қаласындағы 2018 әскери бөлімі командирінің орынбасары болды.

2007–2015 жылдар аралығында Павлодар, Сарыағаш, Алматы шекара жасақтарында және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Аста-

туған туыстары ұлықтау мақсатында мемориалды ескерткішін орнатты. Білікті офицердің есімі қызмет еткен шекара шептерінің сардарлары мен сарбаздарының есінде мәңгі сақталды.

Іс-шараға ауыл тұрғындары мен шекара қызметкерлері қатысып, шара волейболдан ұйымдас-